

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 460 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 15818 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бүйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Г. Көбенова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3), және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сагадиев

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің күші жойылған кеібір бұйрықтарының тізбесі

1 "Ауылдық оқу орындарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары білім беру мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7674 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274 - 278 (27352) санында жарияланған).

2. "Ауылдық білім беру үйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 145 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8446 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" 2013 жылғы 19 маусымдағы № 151 (28090) санында жарияланған).

3. "Ауылдық білім беру үйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 326 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13739 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 31 мамырда жарияланған).

4. "Арнайы немесе шығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтардың тізбесін және Арнайы немесе шығармашылық емтихандар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 153 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 8479 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 151 (28090) санында жарияланған).

5. "Ауылдық білім беру үйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат мамандықтарының тізбесін және ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2012 жылғы 14 мамырдағы № 211 бұйрығына және "Арнайы немесе шығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтардың тізбесін және Арнайы немесе шығармашылық емтихандар өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 153 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 362 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11423 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 121 (28599) санында жарияланған).